

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 117 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 қарашада № 7295 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Қолданушылардың назарына!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
**Б а с қ а р м а с ы** **қ а у л ы** **е т е д і :**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Меншікті капиталды есептеу кезінде банктің инвестициялары « Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 3-тармағының мақсаттары үшін заңды тұлғаның реттелген борышына банктің жиынтық мөлшері бірінші деңгейдегі капиталдың және екінші деңгейдегі капиталдың сомасынан он пайыз асатын салымдарын б і л д і р е д і . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бірінші деңгейдегі капитал мынадай сома ретінде есептеледі:  
сатып алынған меншікті акцияларды шегергендегі төленген жарғылық  
к а п и т а л ы ;

қ о с ы м ш а к а п и т а л ;

өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (оның ішінде өткен жылдардың  
бөлінбеген таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер);

нәтижесінде бір тұлғада пайда болған қаржы активі және оның басқа  
тұлғадағы (бұдан әрі – осы Нұсқаулықтың 5-9-тармақтарында көрсетілген  
мерзімсіз қаржы құралдары) барлық міндеттемелерін шегергеннен кейінгі заңды  
тұлғаның активтер үлесіне құқығын растайтын қаржылық міндеттеме немесе  
өзге қаржы құралы бірмезгілде пайда болатын мерзімсіз шарттар;

өткен жылдардың Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Активтерді, шартты  
міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру  
ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысының (   
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген  
 ) (бұдан әрі – № 296 қаулы) талаптарына және олардың салық базасына сәйкес  
жіктелетін активтер мен міндеттемелердің баланстық құнындағы айырмаға  
байланысты туындаған бөлінбеген таза кіріс есебінен қалыптастырылған, кейінге  
қалдырылған салық міндеттемесі;

мыналарды алып тастағанда:

1999 жылғы 1 шілдеден бастап немесе кейін басталатын кезеңдерді қамтитын  
қаржылық есеп беру үшін 1998 жылғы шілдеде күшіне енген Қаржылық есеп  
берудің халықаралық стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы бекіткен 38  
«Материалдық емес активтер» тиісті халықаралық қаржылық есеп беру  
стандарттарына (бұдан әрі – 38 халықаралық қаржылық есеп беру стандарты)  
және банктің негізгі қызмет мақсаты үшін сатып алынған лицензиялық  
бағдарламалық қамтамасыз етуден басқа материалдық емес активтер;

өткен жылдардың шығындары;

ағымдағы жылдың шығыны.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995  
жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта  
құрылымдауды жүзеге асыратын (асырған) банктерге қайта құрылымдауды  
аяқтаған қаржы жылы алынған ағымдағы жылдың кірістерін бірінші деңгейдегі  
капитал есебіне кіргізуіне жол беріледі.»;

10-тармақтың бірінші бөлігінде:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«бөлінбеген таза пайданың мөлшері»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«банктің сатып алған меншікті реттелген борышын шегергендегі бірінші деңгейдегі капитал сомасының елу процентінен аспайтын сомамен меншікті капиталға енгізілген екінші деңгейдегі банктің реттелген борышы;»;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«ағымдағы жылдың шығыстары есебінен қалыптастырылған, № 296 қаулының талаптарына және олардың салық базасына сәйкес жіктелетін активтер мен міндеттемелердің баланстық құнындағы айырмаға байланысты туындаған, кейінге қалдырылған салық міндеттемесі.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай үш коэффициентпен сипатталады:

1) бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасының бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестициясын шегергендегі және екінші деңгейдегі капиталдың меншікті капитал бөлігіндегі есебіне енгізілген, бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасының бірінші деңгейдегі капитал үлесі шегінде алынған банк инвестициясының сомасына кемітілген банк активтерінің мөлшеріне және екінші деңгейдегі капиталдың меншікті капитал бөлігіндегі есебіне (k-1) енгізілген бірінші деңгейдегі капиталдың қатынасы;

2) бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасының бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестициясын шегергендегі сомаға және екінші деңгейдегі капиталдың меншікті капитал бөлігіндегі есебіне енгізілген бірінші деңгейдегі капиталдың қатынасы;

екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілмеген, жалпы резервтер (провизиялар) сомасына кемітілген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған активтер, шартты және мүмкін міндеттемелер;

активтер, шартты және ықтимал талап етулер және нарықтық тәуекелді ескерумен есептелген міндеттемелер;

операциялық тәуекел (k1-2);

3) меншікті капиталдың сомаға қатынасы:

екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілмеген, жалпы резервтер (провизиялар) сомасына кемітілген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған активтер, шартты және мүмкін міндеттемелер;

активтер, шартты және ықтимал талап етулер және нарықтық тәуекелді ескерумен есептелген міндеттемелер;

операциялық тәуекел (k2).

k1-1 коэффициентін есептеуге арналған активтер және тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған, k1-1 және k2 коэффициенттерін есептеуге арналған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер № 296 қаулының талаптарына

сәйкес арнайы резервтер (провизиялар) бойынша қалыптастырылған арнайы резервтер (провизиялар) ескеріле отырып баланстық құны бойынша енгізіледі.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні  $k_2$  – 0,12-ден кем болмайды.

Жеке тұлға - ірі қатысушысы жоқ банк үшін банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні  $k_2$  – 0,14-тен кем болмайды.

Банк холдингі немесе бас банк қатысушысы болып табылатын банк үшін, орналастырылған акцияларының елу пайызынан артығы мемлекетке не ұлттық басқарушы холдинге тиесілі банк үшін банктің меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәні  $k_2$  – 0,10-нан кем болмайды.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебі осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшасына сәйкес жасалады.

Тәуекел дәрежесі бойынша активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттары үшін активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер № 296 қаулының талаптарына сәйкес жасалған арнайы резервтер (провизиялар) сомасына азаяды.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агент санатына сәйкес ол бойынша банк кредиттік тәуекелге ұшырайтын тәуекел деңгейіне туындысы ретінде анықталады.

Своптар, фьючерстер, опциондар және форвардтар аталған қаржы құралдарының рыноктық құнының және олар бойынша кредиттік тәуекел сомасын осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агент санатына сәйкес келетін тәуекел дәрежесіне көбейту жолымен кредиттік тәуекелді ескеріп, мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер есебіне енгізіледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне аталған қаржы құралдарының номиналдық құнының туындысы ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының рыноктық құны (ауыстыру құны) мынадай болып көрсетіледі:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының номиналды шартты құнынан қаржы құралының ағымдағы рыноктық құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының ағымдағы рыноктық құны оның номиналды шартты құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең

б о л а д ы ;

сатуға арналған мәмілелер бойынша - берілген қаржы құралының ағымдағы рыноктық құнынан қаржы құралының номиналды шартты құнының асу мөлшері. Егер қаржы құралының номиналды шартты құны оның ағымдағы рыноктық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары бойынша (қаржы құралдары бойынша талап пен міндеттеме әр түрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары бойынша) ауыстыру құны есептілікті құру күніне белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгелік баламасынан талаптардың теңгелік баламасының асу мөлшері ретінде анықталады. Егер талаптардың теңгелік балама мөлшері міндеттемелердің теңгелік баламасынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналды шартты құны бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелерді жасау күніне белгіленген қаржы құралдарының құны ретінде көрсетіледі. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналды шартты құны ретінде банктің талаптары құрылатын в а л ю т а а л ы н а д ы .

Сатылған опциондар кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне кіргізілмейді.

Активтердің, шартты және ықтимал талаптардың және міндеттемелердің есебі рыноктық тәуекелді ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 17-30-тармағына с ә й к е с ж а с а л а д ы ;

Операциялық тәуекелдің есебі осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес ж а с а л а д ы .

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін есептеу кезінде (k1-1, k1-2, k2) салымдардың тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтердің мөлшерінен және активтер мөлшерінен банк кастодиан шарты негізінде сақтауға қабылдаған инвестицияланбаған қаражаттардың қалдығы алынып тасталады.»;

31-11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шегерім бірінші деңгейдегі капиталдан елу пайыз және екінші деңгейдегі капиталдан елу пайыз мөлшерінде бөлінеді. Шегерілетін позициялар № 296 қаулының талаптарына сәйкес құрылған арнайы резервтердің (провизиялардың) с о м а с ы н а а з а я д ы . » ;

34-тармақтың 5) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«5) № 296 қаулының талаптарына сәйкес құрылған арнайы резервтер ( провизиялар) сомасын, сондай-ақ мынадай түрдегі заемшының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасын шегергенде:»;

44-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Өтімді активтер есебіне № 296 қаулыға сәйкес арнайы қалыптасқан провизияларды, оффшорлық аймақтар аумағында тіркелген, заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары не Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйыммен ақпарат алмасу жөнінде міндеттеме қабылдамаған оффшорлық аумақтар тізбесіне енгізілген мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместеріне немесе аталған оффшорлық аумақтарда тіркелген заңды тұлғаларға қатысты еншілес болып табылатын ұйымдарға қойылатын талаптарды алып тастап, жоғары өтімді активтерді қоса, барлық қаржылық активтер енгізіледі. Заемдар заем шартына сәйкес өтеу кестелері б о й ы н ш а е н г і з і л е д і . » ;

47-тармақтың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жекелеген шет мемлекеттердің (шет мемлекеттер топтарының) валюталары (тазартылған қымбат металдары) бойынша валюта ашық позицияларын есептеу кезінде бірінші кезекте активтер шоттарында № 296 қаулының талаптарына сәйкес қалыптасқан арнайы провизияларды шегеріле отырып және банктің міндеттемелері шоттарында ашылған әрбір шетел валютасы (тазартылған қымбат металл) бойынша шоттардың сальдосы есептеледі. Одан кейін № 296 қаулының талаптарына сәйкес қалыптасқан арнайы провизиялар шегеріле отырып, шартты талаптар шоттарында және шартты міндеттемелер шоттарында ашылған осы шетел валютасы (тазартылған қымбат металл) бойынша шоттар сальдосы анықталады. Міндеттемелерден (талаптардан) шетел валютасындағы (тазартылған қымбат металдағы) талап етулер (міндеттемелер) асып кетуін көрсететін сальдо өзара жиынтықталады, ал алынған нәтиже банктің шетел валютасы (тазартылған қымбат металл) бойынша ашық позициясының мөлшерін ж ә н е т ү р і н а н ы қ т а й д ы . » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Осы қаулының 1-тармағының үшінші және төртінші абзацтарының күші 2011 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Төрағасы*

*Г. Марченко*

*Ұ л т т ы қ                      Б а н к*